

И.В. Сахаров атындағы «Көлік техникасы және технологиялары» кафедрасында дуальді оқыту жүйесінің дамуы

ҚазҰАЗУ студенттердің кәсіби даярлығын арттыруға бағытталған дуальді оқыту жүйесін дәйекті түрде дамытып келеді. Бұл формат университет қабырғасында алынған теориялық білімді өндірістік тәжірибемен тиімді ұштастыруға мүмкіндік береді.

И.В. Сахаров атындағы «Көлік техникасы және технологиялары» кафедрасында дуальді оқыту келесі білім беру бағдарламалары бойынша жүзеге асырылады:

1. 6B07104 – Көлік, көліктік техникасы және технологиялар;
2. 6B11301 – Көлікті пайдалану және жүк қозғалысы мен тасымалдауды ұйымдастыру;
3. 6B11302 – Логистика (сала бойынша).

Дамудың негізгі бағыты – аймақтың жетекші кәсіпорындарымен және ұйымдарымен ынтымақтастық. Серіктестердің қатарында «СпецТрансЭкспресс» ЖШС, «Жолаушылар тасымалы» АҚ-ның Оңтүстік аймақтық филиалы және басқа да компаниялар бар. Олар студенттердің кәсіби тәжірибе алуына нақты жағдай жасап, бәсекеге қабілетті әрі сұранысқа ие мамандар даярлауға ықпал етеді.

Дуальді оқытудың артықшылықтары:

студенттер үшін – оқу процесін практикалық қызметпен ұштастыру, кәсіби дағдыларды меңгеру және еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілікті арттыру;

жұмыс берушілер үшін – өндірістің талаптарына сай жас мамандарды даярлауға қатысу және болашақ кадрлық резервті қалыптастыру.

И.В. Сахаров атындағы «Көлік техникасы және технологиялары» кафедрасы дуальді оқыту жүйесін жетілдіруді жалғастырып, жұмыс берушілермен өзара әрекеттестікті нығайтып, болашақ мамандардың сапалы даярлығын қамтамасыз етуде.

ҚазҰАЗУ студенттері «СпецТрансЭкспресс» ЖШС базасында дуальді оқыту аясында тәжірибеден өтуде





